

# Жаңа төсбелгі иеленді

**Белгілі олжетанушы, колонер шебері Шептібай БАЙДІЛДИН Қ. И. Сатпаев атындағы төсбелгі иеленді.**

Шептібай ағамызга бұл маралат Қаныш Сатпаевтың тұғанына - 120 жыл толуына орай Жезқазган қаласында үйымдастырылған халықаралық конференция аясында табыс етілуі тиіс болған. - Халықаралық конференцияны Жезқазгандық Қ. Сатпаев атындағы геологиялық мұражай үйымдастырды. Мен ол жынга белгілі себептермен қатыса алмауыма байланысты, конференциядан кейін төсбелгіні аталған мұражай директоры, академик Кенжал БАЛКЕНОВ табыс етті,- дейді ағамыздың озі.

Қашан да ізденіс үстінде жүретін Шептібай БАЙДІЛДИН Казак хандытының тарихына байланысты, Жошы, Хакназар, Қасымхан, Абылайхан, Кенесары хан, Ә. Бекейханов сынды тұлғалар мен Торғай онірінің тарихы, мадениеті, енергиялы Жезқазган қаласының «Сарыарқа», Сатпаев қаласының «Шарайна» газеттеріне боғтан астам мақалалар жарияланаған. Ағамыздың осы және басқа да еңбектері ескеріліп, тарих пен енерге қосқан үлесі үшін Қ. И. Сатпаев атындағы төсбелгі иеленіп отыр.



Еске сала кетейік, Шептібай БАЙДІЛДИН : « Оюмен ой айтқан елміз», «Қазактың ою-өрнектері», «Ою ой, өрнек сал», «Кейк батыр» кітаптарының авторы. Өнір тарихын зерттеп – зерделеп, кейінгі үрпаққа мұра етуде ерен еңбегімен танылған Шептібай БАЙДІЛДИН ағамыз Қ.Р. Мадениет және спорт министрінің «Ұздік олжетанушы» төсбелгісін де иемденген еді. Одан болек, «Арқалық қаласының курметті азаматы», «Шыңғысхан академиясының академигі», «Қазына» сыйлығының лауреаты. Ағамызға ел үшін жасап жатқан еңбетінің аркез осытай елеңіп, өмір – жасырын узак болсын дейміз.